


**1-Окси-2-нафтой қышқылын α-нафтолды натрийэтилкарбонатпен карбоксилдеу арқылы синтездеу**



*Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:*

1 автоклав типті лабораториялық қондырғы

2 шыны стакан (100 мл)

1 шыны таяқша

1 бөлгіш воронка (100 мл)

1 пипетка (10 мл)

сүзгі қағаз

1 Шотт сүзгісі (№3)

1 соруға арналған шөлмек

α-нафтол (3,6 г)

натрийэтилкарбонат (3,08 г)

көміртек диоксиді (баллон)

дистил. су

толуол (21 мл)

тұз қышқылы (конц.)

универсальды индикатор қағазы

Автоклав қондырғысының шыны реакторына (1-сурет) 3,6 г (0,025 моль) α-нафтол және 3,08 г (0,0275 моль) натрийэтилкарбонатты салады. Автоклавты қымтайды, екі рет ауасын шығару үшін көміртек диоксидімен үрлейді, одан кейін 10 атм қысымға дейін көміртек диоксидімен толтырады және араластырғыш пен қыздырғышты қосады. Реакциялық қоспаның температурасын 4 сағат бойы 160°C дейін көтереді (температураны көтеру жылдамдығы 35°C/сағ). Реактордағы қысым 1 атм-дан 1,1-1,2 атм-ға дейін көтеріледі. Осы күйде 1 сағаттай ұстайды (T=160°C, P=1,1-1,2 атм). Бұдан кейін араластырғыш пен қыздырғышты өшіріп, автоклавты бөлме температурасына дейін салқындатады. Реакциялық қоспаны сумен өңдейді. Әрекеттеспеген α-нафтол бөліп алу үшін сулы фазаны толуолмен экстрагирлейді. Органикалық фазадан еріткішті